

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІЦ ҚАУЛЫСЫ  
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫң  
ШЕШІМІ**



**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
АКИМАТА И РЕШЕНИЕ  
МАСЛИХАТА ГОРОДА  
НУР-СҰЛТАН**

10.01.2021 жыл 11 маусым № 43/6-VII

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жыл 11 маусым № 43/6-VII

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының  
кейбір құрамдас бөліктеріне  
атау беру және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы Ономастика комиссиясының 2021 жылғы 5 сәуірдегі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 23 сәуірдегі қорытындыларының негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Нұр-Сұлтан қаласының «Алматы» ауданы бойынша:  
жобалық атавы А20 көшеге – Қалижан Бекхожин көшесі;  
жобалық атавы А33 көшеге – Әбубәкір Тыныбаев көшесі;  
жобалық атавы А41 көшеге – Ұзақбай Қарамапов көшесі;  
жобалық атавы А349 көшеге – Қаршыға Ахмедияров көшесі;  
Нұр-Сұлтан қаласының «Есіл» ауданы бойынша:  
жобалық атавы Е30 көшеге – Күлтегін көшесі;  
жобалық атавы Е109 көшеге – Фабдолла Тоқай көшесі деп атау берілсін.

2. Мыналар:

Нұр-Сұлтан қаласының «Байқоңыр» ауданы бойынша:  
Күлтегін орамы – Биши қайың орамы деп қайта аталсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл» аудандарының әкімдері, «Нұр-Сұлтан қаласының Сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімді іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы және шешім мемлекеттік тіркелгөн күпіпен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы және шешім ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы және шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органдарына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі**

 **A. Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

 **N. Копешов**



**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

 **E. Каналимов**